ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Кеген ауданының құрылыс бөлімі» ММ-нің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Кеген ауылы 2026 жылғы 2 шілде

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Кеген ауданының «Құрылыс бөлімі» ММ (бұдан әрі – Бөлім) басшысының **2026 жылғы 2 шілдедегі №30 н-қ** «Бөлімнің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы 2 шілдесінен 18 шілдеге дейінгі кезеңде бірлескен бұйрығы негізінде жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Ішкі талдаумен бөлімнің 2026 жылғы 06 айдағы жұмысы қамтылды.

Бөлім Кеген ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 05 наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Ереже негізінде (бұдан әрі – ереже). Ережеге сәйкес Бөлімнің миссиясы Кеген ауданының аумағында құрылыс саласындағы мемлекеттік басқару функциясын іске асыру болып табылады.

Президенттің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 Жарлығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қағидаларына сәйкес мынадай бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізілді:

БӨЛІМНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

1.Бөлім өз қызметінде басшылыққа алады:

- "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен;
-"Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 4 қарашадағы №186 Заңы;
- Қазақстан Республикасының Жер кодексі;
-"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- "Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі"
-Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі;
- "Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ;
- "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен;

- "Құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы;
- "Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің бұйрығы;
- "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрықтары.

БӨЛІМНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ.

2.Персоналды басқару желісі бойынша, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша

1. 2026 жылға арналған штаттық кестеге сәйкес Бөлім қызметкерлерінің саны - 2 бірлікті құрайды (бөлім басшысы, 1 бас маман,), бос жұмыс орындары жоқ. Қазіргі уақытта бөлімде 2 қызметкер жұмыс істейді.

Бөлім тарапынан кадрларды жұмысқа қабылдау кезінде ҚР заңнамасын бұзушылықтар анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Мүдделер қақтығысы желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес Бөлім 2 мемлекеттік қызмет көрсетеді. "Құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығына сәйкес бөлім мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетуге міндетті:

1) Үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат беру:

2) Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы үзінді көшірме беру:

5. Көзделмеген құжаттарды талап ету фактілерінің болуы-жоқ.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нақты процестерінің Стандартпен бекітілген нормаларға сәйкестігі.

Барлық көрсетілген мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес келеді.

7. Тікелей байланыс қаупі

Талдау көрсеткендей, бөлімде Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде барлық қызметтер көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыста болады. Электрондық үкімет порталы (бұдан әрі - ЭҮП) арқылы және азаматтар үшін Үкімет арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін емес.

8."Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы". Мәселен, 2026 жылы бөлімде 6 айда жеке тұлғалардан барлығы 3 өтініш келіп түсті.азаматтардың өтініштерін қабылдау және қарау кезінде ҚР заңнамасын бұзу анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

9. Жоғарыда айтылғандардың негізінде "Кеген ауданының құрылыс бөлімінің" басшысына кеңес береміз:

1)Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша бөлім қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

2) "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы"Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын қатаң сақтауға міндетті.,

3) Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оны болғызбау мақсатында, жаңадан енгізілген заң бойынша техникалық түсіндірме сабақтар өткізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы бейне қараулар көрсету арқылы дәрістер өткізу.

4) қызметкерлердің мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі нормаларын сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өткізілген іс-шаралар туралы хаттама мен фотоесепті ұсына отырып, тәртіптік жазалар туралы семинар ұйымдастыруға міндетті.

Жұмыс тобының мүшелері

Бас маман **М. Тұрсынбай**

Бөлім басшысы **Д. Маусымбаев**